

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты

«Тау-кен ісі» кафедрасы

Әйпен Арысбек Нұржанұлы

Шалқия кеніші жағдайында жер асты кен игеру жобасы

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B070700 «Тау-кен ісі» мамандығы


Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты

«Тау-кен ісі» кафедрасы




Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: Шалқия кеніші жағдайында жер асты кен игеру жобасы

5B070700 – «Тау-кен ісі»

Орындаған: Әйпен Арысбек Нұржанұлы

Ғылыми жетекші,
техн. ғыл. канд., сениор-лектор
 Е.Х. Абен
«11» 05 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Тау-кен ісі кафедрасы

5B070700 – «Тау-кен ісі» мамадығы



Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы Жіпен Арысбек Нұржанұлы Т.А.Ж.

Тақырыбы Шалқия кеніні жаздағанда жер сіткі кен
изеру жобасы

Университет ректорының «08» қазан 2018 ж. № _____ бұйырығымен
бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «06» мамыр 2019 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері Қазан оқнасы
тереңдігі, $H = 280$ м; Тау шоңыстары массивінің сипаттамасы: беки-
дің коэффициенті $f = 14$; Қазда ғимаратның ауданы $S = 5,76$ м²;

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

- а) Шалқия жаздағанда-шоңыстары кен оқнасының геологиялық сипаттамасы
- б) Кен оқнасының тау-кен геологиялық сипаттамасы
- в) _____
- г) _____

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)




Кен оқнасының геологиялық картасы; Кен оқнасының ашу
схемасы; т.б


Ұсынылған негізгі әдебиеттер Бегалинов Ж., Қазақ және көкей
жерасты қазбаларының құрылысының технологиясы, ҚОО
арналған оқу құралы. Алматы 2008.


Дипломдық жобаны орындау
КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, дайындалатын сұрақтардың тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Кен орнының геологиясы	04.04.2019	
Тау - кен бөлімі	12.04.2019	
Арнайы бөлім	17.04.2019	
Өндірістік алаң және жер бетінің жоспары	21.04.2019	
Экономика және өндірісті ұйымдастыру	25.04.2019	

Аяқталған дипломдық жобаның және оларға қатысты бөлімдерінің
кеңесшілерінің және норма бақылаушының
ҚОЛТАҢБАЛАРЫ

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Кен орнының геологиясы	Е.Х. Абен	07	
Тау - кен бөлімі	Е.Х. Абен		
Арнайы бөлім	Е.Х. Абен		
Экономика және өндірісті ұйымдастыру	Е.Х. Абен		
Қауіпсіздік және еңбек қорғау	Е.Х. Абен		
Мөлшер бақылаушы	Е.Х. Абен		

Ғылыми жетекшісі  Е.Х. Абен

Тапсырманы орындауға білім алушы  А.Н. Әйпен

Күні « 11 » 05 2019ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жобада Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы территориясындағы Қаратау жотасының етегінде орналасқан Шалқия қорғасын-мырыш кенорнын жерасты қазудың жобасы жасалды. Жобада кенорнының геологиялық жағдайы, ашу және даярлау жұмыстары, қазу жүйесін таңдау, кенішті желдету, кеніш көлігі және оқпан албары, электрмен қамтамасыз ету еңбек қорғау бөлімдері бар.

Дипломдық жоба тәжірибеден алынған нақты мәліметтерге негізделген және техника-экономикалық есептермен дәлелденген.

АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте составлен проект подземной отработки месторождения Шалкия, которое находится у юго-западного подножия хребта Каратау на территории Жана-Корганского района Кызылординской области. Проект содержит геологическую часть месторождения, вскрытие и подготовку, выбор системы разработки, проветривание рудника, рудничный транспорт и околоствольный двор, электроснабжение и охрану труда.

Дипломный проект основан на фактических данных производства и обоснован технико-экономическими расчетами.

ANNOTATION

In the diploma project the project of underground mining of the Shalkiya deposit was compiled, which is located at the southwestern foot of the Karatau ridge in the Zhana-Korgan district of the Kyzylorda region. The project contains the geological part of the deposit, the opening and preparation, the choice of the development system, the ventilation of the mine, mine transport and the near-board yard, electricity and labor protection.

The diploma project is based on the actual production data and is justified by technical and economic calculations.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ		
1	«Шалқия» кенорнының геологиясы	11
1.1	«Шалқия» кенорнының сипаттамасы	11
1.2	Кенорнының геологиялық құрылымы	12
2	Кенішті ашу және даярлау	15
2.1	Кенорнын қазу тәсілін таңдау	15
2.2	Кеніштің басты шамашарттарын анықтау	16
2.3	Кенорнын тиімді ашу тәсілін таңдау	17
2.4	Кеніштің оңтайлы созылым ұзындығын анықтау	19
2.5	Қабаттың биіктігін анықтау	19
2.6	Бас ашу қазбасы түсетін жерді анықтау	20
3	Қазу жүйесін таңдау	21
3.1	Қазу жүйелерін таңдау	21
3.2	Кенүңгірлік-бағаналы қазу жүйесі	23
3.3	Кенүңгірлі бағаналы қазу жүйесінде кентіректердің шамашарттарын анықтау	25
4	Арнайы бөлім	28
5	Кеніш көлігі және оқпан албары	30
5.1	Кеніш қабаты бойынша тасымалаудың орташа өлшемді ұзындығы. Көлікті және көлік құралдарын таңдау.	30
5.2	Электровоз өнімділігі және саны	30
6	Кеніш аэрологиясы	33
6.1	Кенішті желдетудің әдісін және сұлбасын таңдау	33
6.2	Кенішті желдету қажет ауа мөлшері анықтау	33
6.3	Басты желдетудің желдеткішін таңдау	36
7	Қауіпсіздік және еңбек қорғау	36
7.1	Қауіпті және зиянды өнімді факторлық талдау	36
7.2	Ұйымдастырушылық іс-шаралар	36
7.3	Техникалық шаралар	37
7.4	Жерастындағы атылғыш зат қоймаларының орналасу тәртібі	37
7.5	Өртке қарсы шаралар	38
7.6	Санитарлы-гигиеналық шаралар	38
8	Өндірістік алаң және жер бетінің жоспары	39
8.1	«Шалқия» кенішінің өндірістік алаңы	39
9	Экономикалық бөлім	40
9.1	Кеніштің жұмыс істеу режимі	40
ҚОРЫТЫНДЫ		
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ		

КІРІСПЕ

Мынадай металлдар: темір, қорғасын, мыс, мырыш, қалайы халық шаруашылығында үлкен маңызға ие. Сол себепті тау-кен өндірісі металлургиялық өндірістің шикізат базасы болып табылады. Металсыз халық шаруашылығының бір де бір саласы дами алмайды. Ал метал шикізатының көзіне кен рудасы жатады, сондықтан пайдалы қазбалар кенорнын игеру тау-кен өндірісінің басты саласы болып табылады.

Кен өнеркәсіптерінің ашу, қазу, тасымалдау машиналары мен жабдықтары олардың негізгі қаржыларының маңызды бөлігі және техника-өндірістік әлеуметті болып табылады. Сондықтанда жерасты кеніштерінің жоғары өнімді жабдықтардың соңғы үлгілерімен жабдықталғанын ескере отырып, оларды үнемді пайдалану және ұзақ мерзімдік жұмыс күйінде сақтау кеніш басшыларының күнделікті есінде ұстайтын мәселесі болуға тиісті. Машинаның техникалық жағдайы жұмысшының еңбек өнімділігін, шығаратын өнімнің саны мен өзіндік құнын анықтайды.

Кен-геологиялық, кен-техникалық жағдайлардың әр түрлі және соған сәйкес кен орындарын дайындау мен пайдалы қазындыларды өндіру сұлбелерінің сан алуан болып кездесуі, неше түрлі жүргізуші және өндіруші техникалар шығаруды талап етеді. Бұл ретте маңызды әлеуметтік мәселе ретінде жұмыс жағдайының қауіпсіздігі, ыңғайлылығы және еңбек өнімділігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету алға қойылады.

Мемлекетіміздің экономикасының қарқынды, жылдам дамуының басты шарттарының бірі – түсті және басқада металлдарды өндіру көлемін одан әрі ойдағыдай ұлғайту болып табылады. Ол үшін жерасты жұмыстарын жаңа технологиялармен жетілдіріп, капиталдық және дайындық қазбаларын оздыра кең көлемде жүргізу керек. «Шалқия» кенорны Қазақстан Республикасындағы барлық мырыш (цинк) қорының 30% қамтиды. Шалқия кенорны 1963 жылы ашылған.

Дипломдық жоба «Шалқия» кенорнын қазу жұмыстарын жобалау тақырыбына арналған. Ашу және даярлау, қазу жүйелерін таңдаудағы техникалық есептер О.А.Байқоңыров, С.К.Соволевский және М.И.Агошков сияқты ғалымдардың теорияларына негізделіп орындалған. Жобада кен-геологиялық жағдайларға, басты шамашарттарға, техника-экономикалық көрсеткіштерге сүйене отырып жерасты жұмыстары есептелген.

1 «Шалқия» кенорнының геологиясы

1.1 «Шалқия» кенорнының сипаттамасы

Шалқия қорғасын-мырыш кенорны 1963 жылы ашылған. «Шалқия» кенорны Қазақстан Республикасындағы барлық мырыш (цинк) қорының 30% қамтиды.

Шалқия кенорны Қазақстан Республикасы Қызылорда облысы Жанакорған ауданы территориясындағы Қаратау жотасының етегінде орналасқан. Кенорнының географиялық координаталары $44^{\circ}01'20''$ с.ш. және $67^{\circ}25'00''$ с.ш. (1.1 сурет).

Кенорны инфраструктурасы жақсы дамыған ауданда және Жанакорған станциясынан 20 км қашықтықта орналасқан. Кенорнынан 165 км қашықтықта Кентау қаласында «ШалқияМырыш» АҚ тесілі кенбайыту фабрикасы орналасқан. «Шалқия» кеніші кенбайыту фабрикасымен теміржол және асфальтталған шоссе арқылы байланысады.

Кенорны ауданының рельефі солтістік шығыста абсолюттік биіктігі 400 м дейін және қатысты биіктігі 100 м дейін таулы болып келеді. Оңтүстік батыс бөлігі әлсіз шоқылы жазық болып табылады, мұнда абсолюттік биіктік 250-300 м және қатысты биіктік 5-15 м тең.

Ауданның гидрожүйесі әлсіз дамыған. Барлық өзендер аз сулы және Сырдария өзеніне құяды. Өзендердің ішіндегі ірілеулері Жиделі, Келте, Ақұйық және олардың салалары жатады. Осы өзендердің толысу көздеріне жерасты суларының көздері жатады. Көпсулы өзендер палеозойлық жыныстардың суларымен байланысты. Гидрокарбонатты-магнийлі-натрийлі сулар 0,5 г/л ден төменгі минералданған болып табылады.

Кенішке қажетті су мөлшері бар. Жобада қарастырылған жылына 2 млн.т өнімділік үшін ішетін су қажеттілігі $470 \text{ м}^3/\text{сағ.}$ болады, ал техникалық – $50 \text{ м}^3/\text{сағ.}$

Ауданның климаты күрт континентальді және ауа температурасы тәулік және жыл бойы айтарлықтай өзгерулерімен сипатталады. Аққұм метеостанциясының мәліметтері бойынша ең ыстық айға шілде айы ($+40-46^{\circ}\text{C}$ дейін), ал ең суық ай – қантар (-30°C дейін).

Жауын-шашын көп мөлшерде түсетін айға мамыр-сәуірге келеді, ал жауын-шашын ең аз түсетін айларға шілде-тамыз жатады. Жыл бойы түсетін жауын-шашынның орташа мөлшері 183 мм құрайды. Аудан құрғақ солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс бағыттарындағы желдермен сипатталады, кейде олар бірнеше күн соғатын шанды боранға айналады.

Ауданның топырағы – ұсақкарбонатты сероземдер және қоңыр шөлейт далалық сероземдер. Көптеген жерлерде топырақ қабаты мүлде болмайды.


1.2 Кенорнының геологиялық құрылымы

1959 жылы шашыранды қорғасын құрамы 0,08-0,10% ореол анықталған. 1962-1963 жылдары максимал құрамы 0,5% ге дейінгі 2,5-3,0 км созылған қорғасын ореолы нақтыланды.

C_1 және C_2 категориялары бойынша қорларды есептеу үлкен қордың барлығын дәлелдеді. Кен қабаты 600-700 м тереңдікке дейін оңтүстік-шығыс бағытта орналасады. Кен орнының жалпы ұзындығы 5 км дейін және ені 800 м дейін, бұл Республикамыздағы ең үлкен қорлардың бірі болып саналады [1].

Шалқия қорғасын-мырыш кенорны Қаратау жотасының етегінде оңтүстік-шығыс бағытта орналасқан.

Іздеу барлау жұмыстары негізінде Шалқия кен алабының Ақұйық Майдантал аймағы анықалған (1.2-сурет).



1.2 сурет – Шалқия кенорнының оңтүстік-шығыс бөлігінің геологиялық картасының схемасы

Қандықтысай синклиналдары және Шұқұрай, Кемер солтүстік-батыс бойлықты антиклиналдары, олар сыну және жылжу тектоникаларымен шектеледі (Жаңа-Қорған, Ақұйық, Жертансай, Майдантал, Бақтысай және тағы басқалар).

Құрылымдық жоспарда кенорны солтүстік-батыс қиылысында Бақтысай синклинала қосылады.

Шалқия кенорнының кеналабының құрылымы оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай төңкерілген синклина қаптарды жасай пайда болды.

Қарастырылған кенорны қорғасын, мырыш және мыс пайдалы қазбалар кендерінен тұрады. Ақұйық-Майдантал кенді аймағының негізін Шалқия қорғасын-мырыш кенорны құрайды.

Кенорнының солтүстік батыс учаскесі карбонат кешенінен құралады. Олар карбонат сілемінде орналасқан қорғасын мырыш кенорындарына тән.

Карбонат формациясының қимасындағы максимал қалыңдықтар 1400 м жетеді. Төменнен жоғарыға қарай үш горизонтқа және литологиялық қабаттар қатарына бөлінеді.

Қалыңдығы 260-400 м қатпарлы-кесекті известтердің төменгі фамен D_3fm_1 горизонты текстуралық-құрылымдық белгілер бойынша қатпарлы, қатпарлы-кесекті болып бөлінеді.

Слоистая пачка (D_3fm_{1a+b}) қатпарлы пачкасы нормал қиамсында корпеш горизонтының аргиллиттері үстіне орналасады. Жұқақабатты және қатпарлы известтен құрылады. Қатпар қалыңдығы 2-3 мм ден 2-3 см дейін. Пачканың 70-75% кальциттен, 8-9% доломиттен және 20% ерімейтін қалдықтардан тұрады, олардың мөлшері төменнен жоғары 30 дан 17% дейін азаяды. Ерімейтін қалдықтарда пирит, циркон, кварц, слюда және 4-5% мөлшерде көміртекті заттар кездеседі. Пачканың қалыңдығы 190-265 м.

Қатпарлы-кесекті (D_3fm_{1c}) пачка бірдей мөлшерде араласып орналасатын известтің кесек және қатпар тақталарынан тұрады. Тақта қалыңдығы 1-2 ден 10-13 м дейін. Мұнда ерімейтін қалдықтар (12% дейін) және и көміртекті заттар (2-5% дейін) азаяды, кальцит пен доломиттің қатынасы бұрынғыдай. Пачка қалыңдығы 77 ден 140 м дейін өзгереді.

Орта-фамен горизонты бір ғана (D_3fm_{2a+c}) пачкасымен беріледі. Ол кесек известтен тұрады. Пачкадағы доломит құрамы 22% жетеді, ал кальцит және көміртекті заттар – 55% және 15% дейін азаяды, ерімейтін қалдықтар – 5% дейін. Пачка қалыңдығы 220 тен 315 м дейін өзгереді.

Жоғарғы фамен горизонты үш пачкаларға бөлінеді.

Массивті доломиттер және қатпарлы известняктар (D_3fm_{3a}) пачкалары сұр жұқақатпарлы известняктардан тұрады. Пачканың сипатты ерекшеліктеріне оның сыртқы пішіні, құрылымдық-текстуралық ерекшелігі жатады. Тау жыныстарындағы доломиттің құрамы төменгі пачканикідей болады, ал кальцит құрамы 48% дейін төмендейді, ерімейтін қалдықтар 18% дейін көбееді. Көміртекті заттар 1-2% мөлшерінде. Пачка қалыңдығы 140-200 м.

(D_3fm_{3b}) кенді пачка күрделі құрылымды. Оның құрамына сазды-кремнийлі-доломитті, кремнийлі-сазды-доломитті ырғақты-қатпарлы тау жыныстары

(ритмиттер), сұр және қою-сұр массивті доломиттер, органогенді-сынықты әлсіз сазды учаскелі кремнийлі доломиттер, седиментационды-диагенетикалық брекчийлер, доломиттер және ритмиттер кіреді. Бұл пачка үшін доломиттің (30 және одан да жоғары %) құрамы тән, ерімейтін қалдықтар, кремнезем, темір, алюминий, қорғасын, мырыш.

Тау жыныстарының литологиялық құрамы бойынша, олардың текстуралық-құрылымдық ерекшеліктері бойынша, және де химиялық құрамы мен физикалық сипаттамалар бойынша кен пачкасы Шалқия кенорны аумағында алты пачкаға бөлінеді. Пачкалардың қалыңдығы 60 тан 180 м дейін өзгереді.

Бірінші пачка (қатпарлы известняктар D_3fm_1a+b) кенорны аумағында кеңінен таралмаған және Орталық сырғу бойында кездеседі. Ол сазды жұқақатпарлы известняктардан тұрады, оның арасында аз қалыңдықты ашық сұр қатпарлы және линзапішінді-қатпарлы доломитті известняктар бар. Пачкадағы доломиттің орташа құрамы 22,6%, кальциттің 63,6%, көміртекті заттың құрамы – 4% және ерімейтін қалдықтар – 11% құрайды, мұнда биотит мөлшері көбееді. Пачканың қалыңдығы 40-120 м.

Екінші пачка (кесек известняктар D_3fm_2a) кенорнының шығыс бөлігінде орналасқан және көбінесе кесек текстуралы известняктан тұрады және сирек массивті текстуралы және кесек-қатпарлы. Пачкада тау жыныстарындағы доломиттің құрамы 15%, кальцит – 75%, ерімейтін қалдықтар 7%, көміртекті заттың құрамы 2%. Пачканың қалыңдығы 200-400 м.

Төменгі кен денесіне кіретін үшінші пачка ритмиттердің жұқа және микроқатпарлы текстурасымен ерекшеленеді. Пачканың орталық бөлігінде 0,3 қалыңдығы 1-1,5 м массивті карбонатты жыныстар бөлінеді.

Төртінші пачка седиментационды ашық шұбар доломитті брекчийлерден немесе аралас құрамды брекчийлерден тұрады. Арасында бұзылмаған қара доломиттер және қатпарлы ритмиттер кездеседі.

Бесінші пачка, жоғарғы кен денесіне жатады, ол басқа пачкалардан ішкі құрамының әртүрлілігімен ерекшеленеді. Оның төменгі бөлігі жұқа қатпарлы ритмиттерден құралады, олар жоғары қарай массивті тау жыныстарына ауысады. Және ең жоғары жақта жұқа қатпарлы ритмиттер қайта орын алады.

Кен пачкасын қара қою сұр доломиттерден тұратын алтыншы пачка аяқтайды. Оның құрылымы қарапайым және біртекті болып келеді және сазды-кремнийлі, сазды-доломитті-кремнийлі қабаттардан және тау жыныстарының қатпарлану дәрежесінің үлкеюімен сиптталады.

2 Кенішті ашу және даярлау

2.1 Кенорнын қазу тәсілін таңдау

«Шалқия» кенорны жағдайында жобалауға берілген кен сілемінің кен-геологиялық жағдайларының бастапқы мәліметтері:

Кен денесінің жату тереңдігі – 250 м;

Кен денесінің қалыңдығы – 15 м;

Кен денесінің созылым бойымен ұзындығы – 1000 м;

Кен денесінің көлденең ұзындығы (ені) – 250 м;

Кен денесінің құлау бұрышы – 5° ;

Кеннің тығыздығы – $3,0 \text{ т/м}^3$.

Кез-келген кенорнын игеру техника-экономикалық есептеу жұмыстарын жүргізуді талап етеді, соның ішінде кенорнын қазу тәсілін таңдау бірінші болып табылады.

Қатты пайдалы қазбалар кенорнын игерудің жерасты, ашық және құрама қазу тәсілдері бар. Қазу тәсілін біреуін қолдану кенорнының кен-геологиялық жату жағдайларына, соның ішінде қазу тереңдігіне байланысты. Сол үшін кенорнын ашық тәсілмен қазудың максимал тереңдігін анықтаймыз. Егер бұл тереңдік кенденесінің жату тереңдігінен кіші болса, онда кенорнын жерасты тәсілімен қазу тиімді болып саналады.

Жобалап отырған кеніштің кен денесінің геометриялық пішіні дұрыс болғанын және жату жағдайының қарапайымдылығын ескере отырып қазу тәсілін таңдау үшін келесі әдістемені пайдаланамыз.

Ашудың шектік коэффициентін анықтаймыз:

$$K_{ш} = \frac{C_{ж} - C_a}{C_{ap}}, \quad (2.1)$$

мұнда $C_{ж}$ - кенді жерасты тәсілімен өңдеудің өз құны;

$$C_{ж} = 14500 \text{ тг/т};$$

C_a - кенді ашық тәсілімен өндірудің өз құны, $C_a = 7750 \text{ тг/т}$;

C_{ap} - ашудың өз құны – 1500 тг/т .

$$K_{ш} = \frac{14500 - 7750}{1500} = 4.5$$

Пайдалы қазбалар кенорнын ашық тәсілмен қазудың максимал тереңдігін Б.П. Боголюбовтың формуласымен анықтаймыз:

$$H_k = \frac{K_{ш} \cdot K_m \cdot m_{op}}{ctg \beta + ctg \gamma}, \quad (2.2)$$

мұнда K_u - аршудың шектік коэффициенті, 4,5;
 K_m - ашық тәсілмен қазғандағы түсім коэффициенті, 0,8;
 m_{op} - кен сілемінің орташа қалыңдығы, 15 м;
 $ctg\alpha, ctg\gamma$ - карьер беткейінің қиябетінің орташа бұрышы, құлама және төнбе бүйірлері жағына сәйкес, $\beta=45^0$, $\gamma=37^0$.

$$H_k = \frac{4,5 \cdot 0,80 \cdot 15}{1,0 + 1,3} \approx 91 \text{ м.}$$

Пайдалы қазбалар кенорнын ашық тәсілмен қазудың максимал тереңдігі 91м –ге тең, ал кен денесінің жату тереңдігі 250 м болғандықтан, кенорнын жерасты тәсілімен қазу орындыды тиімді деп қорытынды жасаймыз.

2.2 Кеніштің басты шамашарттарын анықтау

Есептік қор:

$$Q_e = B \cdot L_{cos} \cdot m \cdot \gamma, \quad (2.3)$$

$$Q_e = 1000 \cdot 250 \cdot 15 \cdot 3,0 = 11250000 \text{ м},$$

мұнда L_{cos} -созылым ұзындығы,м;
 B - тазартпа жұмыс шебінің ені,м;
 m - кеннің қалыңдығы, м;
 γ - кенің тығыздығы, т/м³.

Түсім қоры:

$$Q_m = Q_e \cdot \frac{K_m}{1 - \rho}, \quad (2.4)$$

$$Q_m = 11250000 \cdot \frac{0,83}{1 - 0,08} = 10149456,0 \text{ м},$$

мұнда K_m - түсім коэффициенті,
 ρ - құнарсыздану коэффициенті.

Жазық және көлбеу кен денелері үшін кенішітің жылдық өнімділігі мына формуламен орындалады:

$$A_{ж} = B \cdot m \cdot V \cdot \gamma \cdot \frac{K_m}{1 - K_p}, \quad (2.5)$$

мұнда B - тазартпа жұмыс шебінің ені, м;
 m - кеннің қалыңдығы, м;

V - тау-кен жұмыстарының жылдық жылжуы, м.

$$V = N \cdot n_{ayc} \cdot V_{ayc} \cdot V_o, \quad (2.6)$$

$$V_{ayc} = 295 \cdot 3 \cdot 0,01 \cdot 3 = 30,6 \text{ м},$$

$$A_{жс} = 250 \cdot 15 \cdot 30,6 \cdot 3,0 \cdot \frac{0,83}{1 - 0,08} = 310573,0 \text{ т/жыл.}$$

Кеніштің қызмет ету мерзімі:

$$T = t_o + t_n + t_o, \quad (2.7)$$

мұнда t_o - кеніштің даму мерзімі, $t_o = 3 - 5$ жыл;

t_n - кен орнын қазымдаудың негізгі уақыты;

t_o - кеніштің өшу мерзімі, $t_o = 2 - 4$ жыл.

Кен орнын қазымдаудың негізгі уақыты:

$$t_n = \frac{Q_T}{A_{жс}}, \quad (2.8)$$

мұнда $A_{жс}$ - кеніштің жылдық өнімділігі, т/жыл.

$$t_n = \frac{10149456}{310573} = 32 \text{ жыл},$$

$$T = 3 + 32 + 2 = 37 \text{ жыл.}$$

2.3 Кенорнын тиімді ашу тәсілін таңдау

Кенорнын ашу – жер бетінен кен денесіне апаратын кен қазбаларын жүргізу, олар дайындау қазбаларын жүргізуге мүмкіндік береді.

Ашу қазбаларына – тік және көлбеу шахталық оқпандар, шурфтар, штольнялар, уклондар және оқпан албары қазбалары, жерасты бункеры, дозаторлық камера, ұнтақтау қондырғысының камерасы, негізгі кентүсіргіштер, квершлагтар мен штректер, арнайы желдету, су айдау және құғату қазбалары, өздігінен жүретін жабдықтардың негізгі гозонттан аралық горизонтқа жеткізу уклондары, концентациондық горизонттың қазбалары жатады.

Тиімді ашу тәсілін таңдау екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде барлау нәтижесінде анықталған бастапқы мәліметтерге сүйеніп, кеніштің кен-геологиялық жағдайына сәйкес және қойылатын талаптарды ескере отырып, ашу тәсілдерінің ықтимал 5-6 нұсқаларды алдын-ала таңдаймыз. Бұдан соң

салыстырудың нұсқалық әдісін қолданып, әлгі алдын-ала белгіленген нұсқалардың артықшылығы мен кемістігіне қысқаша талдау жасаймыз, жарамсыз деген ашу сұлбасын шығарып тастаймыз. Осылайша, одан әрі салыстыруға 2-3 әдіс тандап аламыз да, тиімді ашу тәсілін таңдаймыз.

Екінші кезеңде одан әрі қарастырылуға қалдырылған әлгі 2-3 әдіс техника-экономикалық салыстырудан өткізіліп, тиімді ашу тәсілі қазбалардың түсетін жері, қабат биіктігі, шығын және құнарсыздық коэффициенттері, бұрыннан жұмыс істеп тұрған жаралым элементтер ашу тәсілі іздестіріліп жатқан кенішке ұқсас кеніштер тәжірибесі негізінде алынады. Жұмсалатын күрделі қаржыны есептеу үшін алдымен шахта үстіндегі құрылыстармен қоса жүргізілетін оқпан албары сияқты басқа да тау-кен қазбаларының көлемі анықталады.

«Шалқия» кенорнын бірнеше тәсілдермен ашуға болады.

Таңдап алынған ашу тәсілі келесі талаптарға қанағаттандыруы керек: тау-кен қазбаларының жеңілдетуінің жақсы жағдайлары және жұмыс қауіпсіздігі, жер қойнауынан пайдалы қазбаларды барынша көп өндіріп алу, күрделі және тұтынымдық қаржыны үнемдеу, тазартпа жұмыстарының дамуымен шақты алабын ашудың ең аз мерзімде орындалуы, қажетті өндірісті қуатты қамтамасыздандыру.


Екі бәсекелес нұсқалардың ішінен біреуін, яғни қолайлысын таңдаймыз.

1- тәсіл: Негізгі клеттік-скиптік оқпанмен және ығысу аймағынан тыс екі қапталдан желдетпе оқпандармен ашу.

2- тәсіл: Ығысу аймағынан тыс бір жақ қапталдан негізгі клеттік және скиптік оқпандармен және екінші қапталдан ығысу аймағынан тыс желдетпе оқпандармен ашу.

Техника экономикалық көрсеткіштер нәтижесі Қосымша А-да келтірілген

Техника экономикалық көрсеткіштерді салыстыра келе келтірілген шығынның ең аз көрсеткіші І-нұсақа болды. Яғни, сырғу алабынан тысқары кен сілемнің жатпа бүйірінен бас тік оқпанмен, желдетпе оқпандармен және квершлагтармен ашу тәсілі (2.1 сурет).



2.1 сурет – Кенорнын ашу схемасы

2.4 Кеніштің оңтайлы созылым ұзындығын анықтау

Тиімді ашу тәсілі анықталғаннан соң біз енді кеніштің оңтайлы созылым ұзындығын есептейміз:

$$L_{ш} = \sqrt{\frac{H_{ш}(K_c + Q_c \cdot T) \cdot n + H_{ш}(K_{\theta} + Q_{\theta} \cdot T) \cdot n + \sum L_k \cdot Q_k + \sum L_{\theta} \cdot Q_{\theta} + D + E + N + K}{H_k \cdot m \cdot \gamma \cdot K_m \cdot K_o}}, \quad (2.45)$$

мұнда $H_{ш}$ - негізгі оқпанның тереңдігі, м;

K_c - 1 м оқпанның өту құны, тг/м;

Q_c - 1 м оқпанды жөндеуге жұмсалған қаржы, тг/м;

T - жұмыс істеу мерзімі, жыл;

H_{θ} - желдету оқпанның тереңдігі, м;

K_{θ} - 1 м желдету оқпанның өту құны, тг/м;

Q_{θ} - желдету оқпанның жөндеуге жұмсалған 1 жылдық қаржысы, тг/м;

n - оқпан саны, дана;

L_k - қылуеттердің ұзындығы, м;

K_k - қылуеттерді өту құны, тг/м;

L_{θ} - барлық қабат қазбаларының ұзындығы, м;

K_{θ} - қабаттарды өту құны, тг/м.

яғни, жалпы шахта алабының ұзындығы 960 м тең болды.

$$L_{ш} = \sqrt{\frac{320(300000 + 100000 \cdot 37) \cdot 1 + 270(200000 + 80000 \cdot 37) \cdot 2}{320 \cdot 15 \cdot 3,0 \cdot 0,94 \cdot 0,02}} +$$

$$+ \sqrt{\frac{250 \cdot 80000 + 1134 \cdot 5000 + 3,8 \cdot 10^6 + 5,2 \cdot 10^6 + 6,9 \cdot 10^6 + 3401 \cdot 10^6}{320 \cdot 15 \cdot 3,0 \cdot 0,80 \cdot 0,02}} = 1000 \text{ м},$$

Есептеу бойынша кеніштің оңтайлы созылым ұзындығын 1000 м тең болады.

2.5 Қабаттың биіктігін анықтау

Қабаттың биіктігі төменде келтірілген формула бойынша анықталады:

$$h_{\theta} = \frac{A_{ж} \cdot W \cdot t_{ад} \cdot (1 - \rho)}{S_k \cdot \gamma \cdot K_m}, \quad (2.46)$$

мұнда $A_{ж}$ - кеніштің жылдық өнімділігі, т/жыл;

W - даярлау және тілме жұмыстарының озықтық коэффициенті;

$t_{ад}$ - қабатты ашу, даярлау уақыты, жыл;

ρ - құнарсыздану коэффициенті;

S_k – қабаттағы кеніштің ауданы, m^2 ;
 γ - кенің тығыздығы, t/m^3 ;
 K_m – түсім коэффициенті;

$$h_9 = \frac{310573 \cdot 1,25 \cdot 1,7 \cdot (1 - 0,08)}{9920 \cdot 3,0 \cdot 0,8} \approx 9 \text{ м.}$$

Есептеулер нәтижелері бойынша қабаттың биіктігі 5-20 м шамасында болуы тиіс. Қабаттың оңтайлы биіктігі 15м.

2.6 Бас ашу қазбасы түсетін жерді анықтау

Анықталған ашу теориясынан кенді ашатын негізгі және көмекші қазбалардың көлемі тек бүйір тұсынан жүргізгенде ғана азайып, оларды ұңғылауға жұмсалатын күрделі қаржының анағұрлым қысқаратынына көз жеткізіледі. Дегенмен ашу тәсілін жобалау жұмысы осымен аяқталмақ емес. Ендігі кезекте бас окпанның түсетін жерін анықтау қажет. Бас ашу қазбасы түсетін жер, ашу тәсілдерін таңдау кезінде жобаланып алынып қояды. Бас ашу қазбасы түсетін орнын анықтар алдында ескерілетін талаптар: тау жыныстарының геологиялық құрылымы; жер бетінің бедері; жол қатынасын салу мүмкіншілігі; шахты үсті ғимараттар мен басқа да өнеркәсіптік құрылыстар салу; кен жинайтын қоймалар мен бос тау жынысын төгетін алаңдар т.б.

Бас окпанның түсетін орнын анықтауда ең бірінші ескеріліп, көңіл аударатын фактор қажетсіз шығынды азайту. Кеніш алабының оң және сол қанатынан тасылып жеткізілетін кенге жұмсалатын қаражат бірдей аспайтын қашықтықта орналасуы шарт.

Жерасты көлігі жұмысының ең аз мөлшерін қамтамасыз ететін негізгі ашу қазбасының түсетін орнын анықтаудың екі түрлі әдісі бар:

- 1) Академик А.Д. Шевяковтың графикалық және аналитикалық әдістері;
- 2) Профессор С.К. Соболевскийдің графика-аналитикалық әдістері.

Негізгі ашу қазбалары түсетін орынды профессор С.К. Соболевскийдің графика-аналитикалық әдісімен анықтау бізге тиімдірек.

Практикада құлау бұрышы үлкен, қалыңдығы біркелкі емес, әрі жанас тау жыныстарымен шекарасы айқын байқалмайтын жеке кен сілемдерінен кен қазу жиі кездеседі. Бұл жағдайда академик Л.Д. Шевяковтың ұсынған негізгі ашу қазбалары түсетін орынды анықтау әдістерінің дәлдігі кеміп, көп жағдайларда жарамсыз болыпта қалады. Сондықтан да жарылымы көлбеу, күрт құлама жататын кен қабаттарынан кен өндірудің жобасы жасалған кездерде бас окпанның немесе штольняның түсетін орны басқа әдістерді пайдалану арқылы нықталады. Ондай әдістің бірі профессор С.К. Соболевский ұсынған графика-аналитикалық әдіс (2.2 сурет):

1) Көлденең жүргізілген M , N сызыққа кез-келген $l_1, l_2, l_3, \dots, l_n$ қашықтықта түзіледі;

-

3.1 кесте - Тұрақты және тұрақсыз айғақтар

Қазу жүйесін таңдауға әсер ететін айғақтар	Айғақтардың сипаттамасы	Қолданылуға мүмкін қазу жүйелері
Тұрақты айғақтар		
Кеніштің қалыңдығы	Қуатты	1,2,3,4,5
Кеніштің құлау бұрышы	Жазық	1,2,3,4,5
Кеннің бекемділігі	6-8	3,4,5
Жыныстың бекемділігі	8-10	3,4,5
Айнымалы айғақтар		
Қазу тереңдігі	250 м	1,2,3,4,5
Кен мен жыныстың тотығуы	тотықпайды	1,2,3,4,5
Кен мен жыныстың өздігінен жануы	жанбайды	2,3,4,5
Газ бөліну қасиеті	бөлінбейді	1,3,4,5

3.1 кестеде көрсетілген тұрақты және айнымалы айғақтарға байланысты біз 2,3,4 қазу жүйелерін таңдап аламыз.


Алдын – ала таңдауға түскен қолдануға мүмкін деген үш қазу жүйелерінің ішінен академик Ө.А.Байконуров ұсынған *салыстырмалы әдісін* пайдаланып ең тиімді қазу жүйесін таңдап аламыз.

Тиімді жерасты кен қазу жүйесін академик Ө.Байқоңыров әдіс таңдау критерийлерінің жиынтықты әсеріне негізделген векторлық мөлшер шамасына қарап анықтаудың айғақ санына қарай тау-кен ғылымында көп айғақты әдістеме атымен белгілі болды.

Қазу жүйесін таңдау Қосымшада Б-да келтірілген.

Критерий мәні тиімді шамадан ауытқитын айырымдық ауытқу мәні Қосымша В-да келтірілген.

Сайрақ ең төменгі мөлшері болып І-нұсқа, яғни, кенүңгірлік-діңгекті қазу жүйесі тиімді болды (3.1 сурет).



1 – панелдік қуақазы (штрек); 2 – таспа кентірек; 3 – дінгек кентірек.

3.1 сурет - Кенүңгірлік-бағаналы қазу жүйесі

3.2 Кенүңгірлік-бағаналы қазу жүйесі

Кенүңгірлік бағаналы қазу жүйесінің мәні панельдік әдіспен дайындалған кен сілемі тазарту кенүңгірлері мен кенүңгіраралық бағаналы кентіректердің кезектесіп орналасуымен және блоктар арасында ұзын таспалық кентіректердің қалдыруымен сипатталады. Яғни, кен сілем панелінде тұтас таспалық және бағана пішінді біркелкі (дөңгелек, квадрат, тіктөртбұрыш) кентіректер қалдырылаып, кенүңгірлерге бөлініп қазылып алынады.

Бұл қазу жүйесін қолдану үшін кен сілем мен жабынды тау жыныстары сілемінің тұрақтылығы жоғары болуы керек. Кен сілемінің қалыңдығы 3 ден 30 м дейін, ал құлау бұрышы 0 ден 35° қа дейін болады. Кенүңгірлі бағаналы қазу жүйесінің қолдану тереңдігі 800-1000 м дейін [1].

Кеннің өзі және тау жыныстары орнықты, төзімді және қатты болуы тиіс. Әсіресе төбе тау жыныстары тым орнықты болуы тиіс. Кен сілемінің жату бұрышы 5°. Кеніштің қалыңдығы 15 м. Кен орта және одан төмен бағалығында, қазу тереңдігі 250 м.

Қазу жүйесінің өлшемі: Шақты алабы ені 50 м, ұзындығы 100м кенүңгірлерге бөлінеді. Кенүңгірдің биіктігі кеніштің қалыңдығына 15 м тең.

Дайындық-тілме жұмыстары. Дайындық-тілме жұмыстарына далалық тасымалдау квершлагы, кен құдығы, кен квершлагы дайындық жұмыстарына жатады. Желдету квершлагын өту де дайындық жұмысына жатады. Келешектегі кенүңгірдің ортасында, кен құдықтың ең жоғарғы бет сызығында

қысқа орт немесе кірме қазбасын өтеді. Бұл бірінші тілме ұңғымасы болып саналады. Осы орттың аяқ жағынан кесу өрлемесін кенүңгірдің еніне, ал биіктігі кеніштің қалыңдығына тең. Кенүңгірлі-бағаналы қазу жүйесінде шпурды қол немесе ауыр қондырғы перфораторлармен бұрғылайды. Шпурдың тереңдігі 1,8-2,5 м. Кенді сырмалап жеткізеді. өздігінен жүретін жабдықтарды пайдалағанда шпурларды бұрғылау қондырғылары СБУ, УБШ, Максиматик, Миниматик, Минибур ("Тамрок" фирмасы) бұрғылайды. Шпурларды түйіршектенген атылғыш заттармен оқтағанда кен сілемінің қалыңдығы 15 м болғандықтан оқтауға ПМЗШ-2 жабдығын пайдаланады. Аттырғыш Зат-зерногранулит. Кеніштің тиеу-жеткізу жұмыстарында мынадай жабдықтар қолданылады: ПНБ-4, ЭО-512, ЭП-1, "Катерпиллер 980 С", МоАЗ-6401.

Кенүңгірлік-баналы қазу жүйесі артықшылығына кенүңгірдің тәуілік және кенжаршылардың ауысым өнімділігінің жоғарлығы, кеннің 1 т өз құнының төмендігі жатады. Тазалап қазу жұмысының жылжу жылдамдығы, кенді жеткізу жылдамдығы кенді жеткізу жолының ұзындығымен де байланысты.

Кемшіліктері - кен жоғалымының жоғарлығы оның мөлшері 35% жетеді, дайындық тілме қазбалар көлемінің көптігі, төбе жыныстарын әр кезі бақылап, оны мерзімінде сапалы опырып тұру, кенүңгірлерді желдетудің қиындығы.

Қолдану шарты: орта және қалың 12-14 м, кейде 18-20 м-ге дейін жазық, жәйпақ, көлбеу кен сілемінде, қоршаған жанас жыныстар да берік, әрі тұрақты, не болмаса беріктігі мен тұрақтылығы орта болуы шарт, кен құндылығы онша жоғары емес. Кен сілеміндегі кедей немесе бос тау жыныс қыртысының кездесуі жүйені қолдануға кедергі жасамайды.

Шамашарттары: қазым кеңестіктің ені шектелетін төбе жыныс беріктігіне байланысты 6-8 м-ден 15-20 м, ұзындығы жеткізбе жұмысын механикаландыруға байланысты 50-60 м-ден 100-200 м, қазым кеңестіктік биіктігі кеннің қалыңдығына тең, жұмыр кентіректер диаметрі кен қалыңдығына қарай 4-12 м аралығында, шаршы кентіректің тұрпаты 4x4 м-ден, төртбұрыштінікі 4x6 м-ден, 4x8 м және бұдан жоғары.

Даярлау. Жазық және жәйпақ кен сілемдерді даярлауға екі тәсіл қолданылады: бейкендік (далалық) және кеніштік (панельдік) қуақаздар немесе тек кеніштік қуақаздар. Далалық және одан жоғарырақ тұсынан жүргізілетін қуақаздар кенүңгір кіндігінен өтілетін өрлемен және 3-4 кенүңгір сайын бір рет жүргізілетін материалды жүрісжол өрлемесімен қосылып жалғастырылып отырылады. Қуақаздар арасы яғни кенқұдығының биіктігі 6-10 м. Кеніштік қуақаздардан кенүңгірге жүрісжол өтіледі.

Көлбеу кен сілемі кеніштік және далалық қуақаздармен даярланғанда айналымды тасыма үшін олар әрбір 150-300 м сайын (қияқаз оралым) қияқаздармен қосылып отырылады.

Қуаты 4-6 м дейінгі кен сілемі кемерсіз тұтас қазылады. Ал қалың кеннің кеніш биіктігі 6-7 м болатындай етіп 2-3 қыртыстап қазылып алынады.

Жүйенің артықшылығы: жүйе құрылымының, даярлау тәсілі және тазартысты қазу жұмыстарының қарапайымдылығы, негізгі өндірістік процестер мен қосалқы жұмыстарын кешенді механикаландыруға болатындығы, еңбек

өнімділігінің жоғарылығы және өндірілген кеннің өзіндік құнының арзандығы. Бұл Жезқазған кеніштерінде өзіжүргі жабдықтарды барлық өндірістік процестерде қолдануға мүмкіндік берді.

Жүйенің басты, әрі ең үлкен кемістігі кентіректерде қалатын кен жоғалымның көптігі, орташа 20-25%, көбіне ол 30-35%, кейде бұдан да асып кетеді.

Кенүңгірлік – дінгекті қазу жүйесі Жезқазғанның жайпақ көлбеу, Мырғалымсай, Бакен және Қадамжай көлбеу кеніштерін де кеңінен қолданылады. Осы кен орындарда аталмыш жүйе тек қолданылып қана қойған жоқ, сонымен қатар уату, жеткізу, тау қысымын басқару процесстерін және басқа да ұйымдастыру айғақтарын (факторларын) жетілдіру бағытында көптеген нұсқалары сынақтан да өткізіліп, ТЭК жақсартылды. Мәселен Жезқазған кеніштерінде осы жүйемен қазылған кен үлесі 80-90% - жетті. Жезқазған кенішінде кенүңгірлік – дінгекті қазу жүйесінің оннан астам түрі сынақтан өтті.

3.3 Кенүңгірлі бағаналы қазу жүйесінде кентіректердің шамашарттарын анықтау

Кенүңгірлі бағаналы қазу жүйесінде кентіректер қазылып алынбайтындықтан, жоғалымды азайту үшін олардың тиімді шамашарттарын анықтау қажет. Кенүңгірлердің төбесінің құлау қашықтығын (пролет) дұрыс анықтау қажет, себебі құлау қашықтығын кішірейті кен жоғалымының 30-40 % өсуіне алып келеді, $\mu = 0,17-0,3$ Пуассон коэффициентінде, аршудың рұқсат етілген құлау қашықтығы С.Г.Борисенко формуласымен анықталады:

$$A_{\partial on} = \frac{4,5(0,001\nu \cdot \gamma \cdot H + |\sigma_p|)}{0,001\gamma \cdot H(1 - 0,8\nu) - 0,8|\sigma_p|}, \text{ м} \quad (3.3)$$

мұнда ν – бүйір керілу коэффициенті, $\nu = \mu/(1 - \mu) \approx 0,2 - 0,4$;

μ – Пуассон коэффициент, тау жыныстары үшін $\mu = 0,2-0,4$;

$|\sigma_p|$ - төбе жыныстарының созылуы кезіндегі шектік қысым, МПа. $|\sigma_p| = (0,03 - 0,04)\sigma_{сж}$ деп қабылданады.


H – кен сілемінің жату тереңдігі, м;

γ – жабынды тау жыныстарының тығыздығы, кН/м³.

Бұл формуланы кен сілемдерінің құлау бұрышы 20-30° дейін қолданады.

Жазық және көлбеу кенорындарын қазу кезінде төбені ұстап тұрудың негізгі элементіне кентіректер жатады. Олар панелді және бағаналы тіреу кентіректері болады (3.2 сурет).

Панелді кентіректер панель шетінде штректерді қорғау және жоғарғы тау жыныстарын ұстап тұру үшін қалдырылады. Бағана (опорный) кентіректері қазылым кеңістігінде төбені ұстап тұру үшін қажет және панелді кентіректер арасында қалдырылады.



3.2 сурет – Кенүңгірлі бағаналы қазу жүйесінің кентіректерінің шамашарттарын есептеу сұлбасы

1 – бағана кентіректері; 2 - панелді кентіректер; D - панелді кентіректердің ені, м; H – жерасты қазу жұмыстарының тереңдігі, м; A – кенүңгір төбесінің құлау қашықтығы, м; d - тіреу кентіректері ені, м; L – кентірек осьтерінің арақашықтығы, м; h – қазу қалыңдығы, м

$$A_{oon} = \frac{4,5(0,001\nu \cdot \gamma \cdot H + |\sigma_p|)}{0,001\gamma \cdot H(1 - 0,8\nu) - 0,8|\sigma_p|} = \frac{4,5(0,001 \cdot 0,3 \cdot 3,1 \cdot 250 + 6,4)}{0,001 \cdot 3,1 \cdot 250(1 - 0,8 \cdot 0,3) - 0,8 \cdot 6,4} = 10,0 \text{ м}, \quad (3.4)$$

мұнда ν – бүйірден керу коэффициенті, $\nu = \mu/(1 - \mu) \approx 0,2 - 0,4$;

γ – тау жынысы тығыздығы, кг/м³, кН/м³; $\gamma = 3,1 \text{ кг/м}^3 = 31 \text{ кН/м}^3$;

H – жерасты жұмыстарын жүргізу тереңдігі, біздің жағдайда $H=250$ м;

$|\sigma_p|$ - төбе жыныстарының созылу кезінде рұқсат етілген қысым, МПа.

$|\sigma_p|$ шамасының мәні $(0,03 - 0,04)\sigma_{сж}$;

$\sigma_{сж}$ - төбе жыныстарының сығылуға шектік беріктігі, МПа,

$\sigma_{сж} = 10f$;

f – тау жыныстарының қаттылығы, $f=6,4$.

Кен сілемінің құлау бұрышын ескеретін коэффициент:

$$\kappa_a = \cos^2 \alpha + \mu \sin^2 \alpha = 1, \quad (3.5)$$

мұнда μ – тау жыныстарының бүйірлік керілуі, орта тереңдіктер үшін $\mu = 0,2-0,4$.

κ_ϕ – кентірек пішінінің коэффициенті.

Панельдік таспа кентіректерінің ені:

$$d_{moc} = \frac{A_{дон} \cdot n \cdot \gamma \cdot H \cdot \kappa_n \cdot \kappa_\alpha}{1000 \kappa_\phi \cdot \sigma_{сж} - n \cdot \gamma \cdot H \cdot \kappa_n \cdot \kappa_\alpha} = \frac{8,7 \cdot 3 \cdot 3,1 \cdot 250 \cdot 0,6 \cdot 0,98}{1000 \cdot 0,61 \cdot 160 - 3 \cdot 3,1 \cdot 250 \cdot 0,6 \cdot 0,6} = 12,0 \text{ м}, \quad (3.6)$$

Жұмыр бағана кентіректің диаметрі:

$$d_{\kappa p} = \frac{A_{дон} \cdot C}{(0,89 - C)}, \text{ м}, \quad (3.7)$$

$$\text{мұнда } C = \sqrt{\frac{n \cdot \gamma \cdot H \cdot \kappa_n \cdot \kappa_\alpha}{1000 \sigma_{сж} \cdot \kappa_\phi}} = \sqrt{\frac{3 \cdot 3,1 \cdot 250 \cdot 0,6 \cdot 0,5}{1000 \cdot 160 \cdot 0,61 \cdot 0,98}} = 0,5. \quad (3.8)$$

Сонда өлшемсіз шамасының C мәнін ескере отырып, жұмыр бағана кентіректің диаметрінің тиім мәнін табамыз:

$$d_{\kappa p} = \frac{A_{дон} \cdot C}{(0,89 - C)} = \frac{10,0 \cdot 0,5}{(0,89 - 0,5)} = 5,0 \text{ м}.$$

4. Арнайы бөлім.

Ұңғымалардың ауытқуының кенді ұсақтау сапасына әсері

Жұмыс авторы жобалау параметрлеріне және даму жүйелерінің техника-экономикалық көрсеткіштеріне әсер ететін негізгі процестердің бірі ұңғымаларды бұрғылау болып табылады деген қорытындыға келеді. Ұңғыманы пайдалану арқылы тау-кен өндіру тәжірибесі жоғары өнімді тау-кен технологиясына көшу үлкен көлемді фракциялар сынған рудада толығымен жойылғанда мүмкін болатындығын және операциялық ысыраптар мен разбавления стандартты көрсеткіштерге жақын екенін көрсетеді. Дегенмен тау-кен массивын жоғары сапалы бұрғылауды қамтамасыз ету үшін қолданыстағы жарылыс технологиясы технологиялық сипатта болады, өйткені бұрғылау кезінде ұңғымалар оларды жобалау бағытынан едәуір ауытқиды. Қисықтың себебі бұрғылау қондырғысының бағдарындағы қателіктерге, ұңғымаларды бұрғылау процесінде траекториядағы күтпеген өзгерістерге байланысты бұрғылауға негізделеді. Алайда, бастапқы кезеңде алғашқы екі қатені жою мүмкін болса, олар анық және оларды қайта бұрғылауды талап етеді. Бұрғылау кезінде ұңғымаларды қадағалауды реттейтін басқа да нақты заңдар жеткіліксіз зерттелген. Сонымен бірге таулы аймақта трассалардың жобалық позициясының сақталуын қамтамасыз ететін тиімді техникалық құралдар жоқ әмбебап әдістер жоқ. Сондай-ақ, қисықтықты ұңғымалы жарылыспен дамыту жүйелерінің жобалау және технологиялық параметрлері бойынша толықтай зерттелмеген. Автор бұрғылау кезінде жарылыс саңылауларының қисаюын төмендетуге негізделген кенді жарылыстың технологиялық параметрлерін және даму жүйелерінің құрылымдық элементтерін оңтайландыруды ұсынады. Бұрғылау ұңғымаларының тереңдігі мен бағыты бойынша жоғары сапалы сызықты функциялар түрінде пайда болатын технологиялық параметрлердің және сапалық көрсеткіштерінің өзгеру заңдылықтары анықталды, бұрғылау басының бас бөлігін басқарудың математикалық моделін әзірледі, процесті сапалы және сандық сипаттайтын. Соның салдарынан ірі өндіріс 22%-дан 7%-ға дейін төмендеді, ұңғымалар 0,4 м-ден 1,2 м-ге дейін сусымалы бөлшектердің 1%-дан 5%-ын құрады.


Рудалардың сапасын ұңғымалардың ауытқуының тәуелділігін және ұңғыманың ұшы арасындағы тереңдіктің оның тереңдігін анықтау үшін шахтада эксперименталды жұмыс жүргізілді. Эксперименттің нәтижелері кестеде көрсетілді:

Таблица 4,1 – ұңғымалардың ұштары мен оның тереңдігі арасындағы ауқымды шығудың өзгеруі

Ұңғыма тереңдігі, м	Ұңғыманың соңына дейінгі қашықтық, м	Жарылыс саны, шт.	Орташа шығымдылық , %
------------------------	--	----------------------	-----------------------------

4,0-6,0	1,30	4	2
6,0-8,0	1,6	3	3
8,0-9,0	1,8	3	5

Кестеден көріп отырғанымыздай, ұңғымалардың тереңдігі тиісінше 6 метрге дейін, олардың төбесінде және олардың қисық бұрышымен, үлкен мөлшерде елеулі ауытқу байқалады. Мысалы, ұңғыма тереңдігі 4 м бола, шығым көлемі 2%-ды құрайды, ал 6 м болса - 10%.




4,1 сурет. Шығымның көлемі ұңғымалардың тереңдігіне тәуелді

5 Кеніш көлігі және оқпан албары

5.1 Кеніш қабаты бойынша тасымалаудың орташа өлшемді ұзындығы. Көлікті және көлік құралдарын таңдау.

Тасымалдаудың технологиялық сұлбасы кен орнының тау кен техникалық жағдайына ашу сұлбасына, қазу жүйесіне байланысты өндірістік бөлімдеріне сүйене құрылады [16, 17].

Кеніш қабаты бойынша кенішті екі қанатты айналмалы тасмалдау сұлбасы бойынша жүргіземіз (5.1-сурет).



5.1 сурет – Бір рудалы және бос жыныстық штрегі бар жерасты көлігінің айналмалы сұлбасы

Электровоз және вагондардың түрі мен өлшемін таңдауға, көп факторлар әсер етеді. Олардың негізгілері өндірістік қуаты және тасымалдаудың арақашықтығы. Жобаға қарасты кеніштің жылдық өнімділігі 310 000 т. Кенішті тасымалау есептемелері қосымшада келтірілген.

Түсіру пунктiнен тиеу пунктiне дейiн бос бағыттағы қозғалыс кезiнде тасып шығару қашықтығы: (қосымша Г)

Вагон сыйымдылығы мен электртасығышты таңдауға кеніштің жылдық өнімділігі 310000т мен қабаттың орташа тасмалдау ұзындығына $L_{opt} = 2700$ м жобалау институтының арнайы кестесіне байланысты К-14 м контактілі электровозын (газ және шаңы бойынша қауіпсіз шақтылар) және ВГ-10 типті вагонды қабылдаймыз [17].

5.2 Электровоз өнімділігі және саны

Ауысымдағы бір электровоздың мүмкін болатын рейстерінің саны:

$$r_p = \frac{60 \cdot T_{AVC}}{T_r}, \quad (5.1)$$

мұнда T_{AVC} – ауысымдағы электровоздың жұмысының ұзақтығы. Ол ауысым ұзақтығынан 30 мин-қа аз болады.

$$T_{AVC} = 60 - 0,5 = 5,5 \text{ сағ.}$$

$$r_p = \frac{60 \cdot 5,5}{69} \approx 5 \text{ рейс.}$$

Негізгі жүкті шығару үшін ауысымдағы қажетті рейстер саны:

